

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

№ 8

2025 жылғы 29 қазандағы
сағ. 15:00

Төрағалық еткен: Туризм және спорт мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңестің төрағасы Е.Б. Қанағатов

Қатысқандар: Қоғамдық кеңес мүшелері, спорт ардагерлері, Туризм және спорт министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) қызметкерлері (тізім бойынша).

Күн тәртібі:

1. Министрліктің орталық аппараты мен комитеттерінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің нормаларын сақтау туралы

(Ақшабаев, Бөкенов, Шәміл)

1. Министрліктің Әдеп жөніндегі уәкілі Т.Қ. Ақшабаевтың мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі нормаларының сақталуы туралы ақпараты ескерілсін.

2. Әдеп жөніндегі уәкілге:

1) Министрлік қызметкерлерімен халықпен өзара іс-қимыл кезінде әдеп нормаларын сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізсін;

2) Министрлік пен оның ведомстволық бағынысты ұйымдары өткізетін жоспарланған маңызды іс-шараларына қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысу мүмкіндігін пысықтасын;

3) Министрлік әзірлеп жатқан заң жобаларын талқылау жөніндегі жұмыс тобының құрамына қоғамдық кеңес мүшелерін енгізуді қарастырсын.

2. Өңірлердегі ардагерлер қозғалысының жай-күйі, сондай-ақ спорт ардагерлерін қолдау жөніндегі шаралар туралы

(Нұрмұханбетов, Бөкенов, Жунісбаев, Дуамбеков, Мельниченко, Громов, Ахметов)

1. Спорт және дене шынықтыру істері комитеті төрағасының орынбасары А.Ш. Нұрмұханбетовтың өңірлердегі ардагерлер қозғалысының жай-күйі, сондай-ақ спорт ардагерлерін қолдау жөніндегі шаралар туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Спорт және дене шынықтыру істері комитеті:

1) Министрлік жанынан спорт ардагерлері ұйымын құру мәселесін қарастырсын;

2) Министрлік пен «Қазақстандық спорт ардагерлері одағы» РҚБ арасында ынтымақтық туралы Меморандум жасау мәселесін пысықтап қарастырсын;

3) спорт түрлері бойынша федерациялармен бірлесіп спорт ардагерлері арасында іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын қалыптастыру және 2026 жылға арналған Спорттық іс-шаралардың бірыңғай күнтізбелік жоспарына енгізу бойынша шаралар қабылдасын;

4) ардагерлер қозғалысын қаржыландыру мәселесін қарастырсын;

5) спорт ардагерлерін халықаралық жарыстарда олимпиада чемпиондарын сүйемелдеу үшін олимпиадалық құраманың құрамына енгізу мүмкіндігін қарастырсын;

6) спорт ардагерлерінің өңірлерге іссапарларын, тәжірибе алмасу және жергілікті ардагерлер ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасау мақсатында ұйымдастыруды бастамашылық етсін;

7) «Қазақстандық спорт ардагерлері одағы» ұйымының мәртебесін көтеру мәселесі қарастырылсын.

3. НҚА-ға енгізілген өзгерістердің туризмді дамытуға әсері және оларды бағалау туралы

(Кәріпбаев, Верницкая, Шәміл)

1. Туризм индустриясы комитетінің төрағасы Н.Ғ. Кәріпбаевтың НҚА-ға енгізілген өзгерістердің туризмді дамытуға әсері және оларды бағалау туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Туризм индустриясы комитеті:

1) Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспарына білім беру бағдарламаларының жұмыс берушілердің талаптарына сәйкестігі және «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КЕАҚ түлектерін жұмыспен қамту деректерінің шынайлығы мәселесін енгізуді қарастырсын;

2) жергілікті атқарушы органдармен субсидиялау жөніндегі бұйрықтарды талқылау мәселелері бойынша жұмыс топтарының кездесулерін ұйымдастыруды қарастырып, сондай-ақ аталған бұйрықтарға енгізілетін өзгерістерді қарау кестесін әзірлесін;

3) елдің бірыңғай туристік брендин құру мәселесі пысықталсын;

4) туризм саласында «E-sport» платформасына сәйкес цифрлық платформа құру мәселесі қарастырылсын;

3. Қоғамдық кеңестің хатшысы 2026 жылғы 1 жартыжылдыққа арналған Қоғамдық кеңестің жұмыс жоспарына туристік салаға кадрлар даярлау мәселесін


енгізуді және Халықаралық туризм және меймандостық университеті ректорының баяндамасын тыңдауды қарастырсын.

**Қоғамдық кеңестің
төрағасы**



Е. Қанағатов

**Қоғамдық кеңестің
хатшысы**



Ж. Бейсембин